	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір

6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Мурат Зулпидинович Ашировтың «Темекі (*Nicotiana tabacum* L.) дәндерінен фитосубстанция алу технологиясы және оның негізінде дәрілік қалып жасау» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы, профессор Датхаев Убайдилла Махамбетұлының

ПІКІРІ


Мурат Зулпидинович Аширов 2018 жылы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураға қабылданды.

М.З. Аширов докторлық диссертация жұмысы еліміздің фармацевтика саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын импортты алмастыратын өсімдік текті дәрілік құралдарды әзірлеуге және оны өндіріске енгізуге арналған.

Докторант ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу және докторлық диссертация жұмысын жазу барысында жоспарлау, талдау және әдебиеттік шолу бойынша үлкен көлемде еңбек атқарды. Диссертациялық жұмыстың мақсаты *Nicotiana Tabacum* L. дәндері өсімдік шикізатынан фитосубстанция алудың тиімді технологиясын құрастыру және дәрілік қалып жасаудың фармацевтикалық негіздемесі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік бөлімі «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, «ЖАНАФАРМ» Дәрілік препараттар өндірісі» ЖШС, «Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы» АҚ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» ШЖҚ ЕМК, «ТЕКСЕРУ» өнімді сертификациялайтын фирмасы» ЖШС зертханаларында М.З. Ашировтың жеке өзімен орындалды.

М.З. Аширов темекі (*Nicotiana Tabacum* L.) өсімдігіне фармакогностикалық талдау жасады, оның дәндерінен әр түрлі фитосубстанциялар алып, оларды химиялық құрамы бойынша салыстырмалы талдау жүргізді. *Nicotiana Tabacum* L. дәндерінен алынған фитосубстанцияның қауіпсіздігі мен микробқа қарсы, қабынуға қарсы, антиоксиданттық белсенділігін анықтай отырып, оның негізінде жақпамай алудың оңтайлы құрамы мен технологиясын әзірледі. Жақпамайды стандарттау жүргізілді және оның тұрақтылығы ұзақ мерзімді сынау әдісімен зерттелді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы	Пікір


Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus дерекқорында индекстелетін «The Scientific World Journal» (54 процентиль) халықаралық басылымында, сондай-ақ ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы өнертабысқа және пайдалы модельге патенттерімен расталды.

Жалпы, орындалған диссертациялық жұмыс көлемі мен мазмұны, өзектілігі, жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Аширов Мурат Зулпидинович докторантурада білім алу уақытында өзінің жұмысқа адал көзқараспен қарауымен, жоғары кәсіпқойлығымен, сондай-ақ коммуникативтілігімен ерекшеленді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Мурат Зулпидинович Ашировка 6D074800 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
Фармация ғылымдарының докторы,
профессор**



У.М. Датхаев